

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1787 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 шілдедегі N 751 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.20. N 367 қаулысымен

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы өнімінің сәйкестігін бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы N 1787 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 51, 586-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) 2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-тармақтағы "Экономика" деген сөз "Индустрия" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдер мен қызмет көрсетулердің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасында міндетті түрде сертификаттауға жататын қызмет түрлерінің номенклатурасы" деген 20-бөлім мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Автомобильдерге май құю станцияларының және мұнай өнімдері базаларының қызметтер көрсетуі".

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап бір ай өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі